

Агроөнеркәсіптік кешен дамуы арқасында біз бір мезгілде еліміз үшін аса маңызды екі міндетті – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және экспортты әртараптандыруды шешеміз[3].

Сондықтан да біз тауарлы-сүт фермаларын, құс фабрикаларын, мал бордақылау алаңдарын ұйымдастыру мен дамыту, тамшылап суаруды қолдану арқылы жеміс-көкөніс дақылдары өндірісін ұйымдастыру, ауылшаруашылық техникаларын жинау жөніндегі өндірістерді құру, ет өңдеу өндірісін дамыту, биязы жүнді қайта өңдеу, қазақстандық астық экспортының инфрақұрылымы және оны терең қайта өңдеу секілді экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды қаржыландыруды жалғастыру керек.

Көрсетілген себептерге қарай агроөнеркәсіп секторындағы өндірісті қолдау мен көлемін кеңейту экономикалық белсенділіктің және халықтың жұмыспен қамтылуының артуына, ал орта мерзімді перспективада – экспортты әртараптандыру мен экономикалық дамудың орнықтылығын қамтамасыз етуге елеулі түрде оң ықпалын тигізеді.

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1215 Қаулысы //Егемен Қазақстан, 2009 жыл, 30 қаңтар, N 34-37 (25434)

2. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі // www.stat.kz

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауы «дағдарыстан жаңару мен дамуға»// Егемен Қазақстан, 2009 жыл, 6 наурыз

This article is attempt of the author to consider the basic agrarian problems in Republic of Kazakhstan and to plan ways of their decision.

В данной статье автором рассмотрено основные аграрные проблемы в Республике Казахстан и намечено пути их решения.

Ш.М. Акимбеков

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АРНАЙЫ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміздің жаһандану кезеңін бастан кешіруі әр түрлі құқықтық реформалардың қабылдануына және дамуына әкеліп соқтыруда. Соның бірі 9 қаңтар 2007 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының экологиялық кодексын атауға болады. Мемлекетімізде адамзаттың табиғатты мақсатқа сай пайдалануының құқықтық мәселелері осы кодекспен және өзге де заңдармен реттеледі.

Қазақстан Республикасының экологиялық кодексінің 10-бабы табиғатты пайдалану ұғымын ашқан. Онда табиғатты пайдалануға мынадай түсінік берілген: «Адамның күнделікті өмірінде, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы және (немесе) қоршаған ортаға әсер етуі табиғат пайдалану болып табылады» делінген [1].

Аталмыш заңға сәйкес табиғат пайдалану екі түрге бөлінеді. Олар: жалпы табиғат пайдалану және арнайы табиғат пайдалану.

Табиғат пайдалану түрлерін бөлу - ол өзіне тән өзіндік құқықтық сипаттарға ие болып табылатын, соның нәтижесінде табиғатты пайдалану құқығын біртектес етіп топтастыру белгісі бойынша бөлуге болатын табиғат пайдалану құқығының бөліктері ретінде қарастырылады [2, 95 б.].

Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асырылады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, табиғатты жалпы пайдалануды шектеуге жол берілмейді.

Арнайы табиғат пайдалану - экологиялық және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды ақылы негізде пайдалануды және (немесе) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғаның қызметі болып табылады [1].

Біздің зерттеуіміз арнайы табиғат пайдалану құқығының кейбір мәселелеріне арналып отыр.

Арнайы табиғат пайдалану құқығын екі түрлі мағынада қарастыруға болады. Бірі объективтік мағынада, екіншісі субъективтік мағынада қарастырылады.

Арнайы табиғат пайдалану құқығының объективтік мағынада қарастыратын болсақ, ол – азаматтар мен заңды тұлғалардың өзінің экономикалық, мәдени – сауықтыру, рекреациялық және олардың өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін табиғи ресурстарды арнайы мақсатқа сай пайдалануға беру тәртібін реттейтін нормалардың жиынтығы деп түсініледі.

Арнайы табиғат пайдалану құқығының субъективтік мағынасын ашатын болсақ, ол – азаматқа экономикалық, мәдени-сауықтыру, рекреациялық және өзге де қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін

арнайы рұқсатқа сәйкес ақылы негізде табиғатты пайдалануға беру, табиғи ресурстарды иелену және пайдалану құқығының болуымен ерекшеленеді [2, 96 б.].

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінде табиғатты пайдалану объектілерінің топтастырылуы баяндалған. Аталмыш Кодекстің 10-бабының 5- тармағына сәйкес табиғатты пайдаланудың түрлеріне мыналар жатады:

- 1) жерді пайдалану;
- 2) суды пайдалану;
- 3) орманды пайдалану;
- 4) жер қойнауын пайдалану;
- 5) жануарлар дүниесін пайдалану;
- 6) өсімдіктер дүниесін пайдалану;
- 7) қоршаған ортаға эмиссиялар;
- 8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін өзге де табиғат пайдалану түрлері

жатады.

Табиғатты пайдалану түрлеріне тоқтап кеткен жөн. Жер пайдалану құқығы: ауыл шаруашылығында жер пайдалану құқығы етіп, халықтың мекендеген жерлерін пайдалану, өндіріс, көлік, байланыс, қорғаныс, орман жерлерін пайдалану, су қорларын пайдалану және т.б. түрлерге бөлінеді.

Жер қойнауын пайдалану құқығы: жер қойнауын мемлекеттік геологиялық оқып, зерттеу, барлаулар, пайдалы қазбаларды табу, бірлескен барлау мен қазбаларды табу, жер асты құрылыстарын жүргізу және іске қосу үшін пайдалану және пайдалы қазбаларды барлаумен, алумен байланысы жоқ пайдалану деп бөлінеді.

Суды пайдалану құқығы өз алдына: халықтың тұрмыстық қолданысты қанағаттандыру үшін, ауыл шаруашылығының, өндірістің суға тапшылығын, гидроэнергетика, су көлігі үшін, емделу мен сауықтыру және рекреациялық мақсаты үшін, балық және аң аулау шаруашылығы қажеттілігі үшін, тұрып қалған суды жіберу үшін, өртке қарсы қажеттіліктер үшін пайдалану бөлінеді.

Орманды пайдалану құқығы: ағаштардан және өзге де қайталап қолданылатын орман материалдарынан дайындалатын заттарды жасау үшін, мәдени-сауықтыру, ғылыми – зерттеу мақсатында, аң аулау шаруашылығы мұқтажы үшін пайдалану деп бөлінеді.

Жануарлар әлемін пайдалану құқығы: аң аулау, балық аулау, аң аулау мен балық аулау объектісіне жатпайтын шаруашылық мақсатында жануарларды пайдалану үшін, жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбие және эстетикалық мақсаттар үшін пайдалану, жануарлардың тіршілігінен жиынтықтар мен олардың өнімдерін пайдалану үшін деп жіктеледі.

Атмосфералық ауаны пайдалану құқығын: өндіріс қажеттіліктері үшін және ластанған заттарды тастау үшін атмосфералық ауаны пайдалану құқығы етіп бөлуге болады [2, 97 б.].

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде арнайы табиғат пайдалану табиғат пайдаланудың бір түрін не олардың бірнеше түрінің жиынтығын қамту мүмкіншілігі туралы баянды етілген.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 12- бабында арнайы табиғат пайдалану құқығының туындау негіздері мен оны жүзеге асыру шарттары қарастырылған. Ол келесідей болып келеді:

1) табиғат пайдалану табиғи ресурстарды пайдалану мен алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар және (немесе) рұқсаттар;

2) табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдері;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын табиғат пайдалануға арналған шарттар (келісімшарттар) негізінде туындайды.

Арнайы табиғат пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен, бір, екі не барлық актілер негізінде туындауы мүмкін.

Қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылардың арнайы табиғат пайдалану құқығын жүзеге асыруына экологиялық рұқсаттар болған кезде жол беріледі. Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы жеке және (немесе) заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес беріледі. Арнайы табиғат пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға билік ете алмайды. Арнайы табиғат пайдалану құқығы мемлекет қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін [1].

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі 9 қаңтар 2007 ж.// Справочник Юрист.
2. Бекишева С.Д. Экологическое право РК: Учебное пособие.- Караганда: Арко, 2009.- 472 с.

In this article is devoted to some theoretical and practical questions special law of nature in the Republic of the Kazakhstan.

В статье рассматриваются некоторые теоретические и практические вопросы специального права природопользования в Республике Казахстан.

Б.Ж. Айтимов

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЗАҢДЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Заңды тұлғалардың, сондай-ақ азаматтардың тарапынан экологиялық заңнаманы сақтаудың маңызды шарты табиғатты қорғау мен қоршаған ортаны ұтымды пайдалану туралы нормалар мен ережелерді бұзғаны үшін жауапкершіліктің мемлекеттік шараларын белгілеу болып табылады. Бұл салада заңсыз аң аулау мен су кәсіпшіліктерімен заңсыз айналысу фактілері бойынша қозғалған қылмыстық істердің елеулі саны байқалады. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің деректері бойынша экологиялық заңды бұзғаны үшін жыл сайын кінәлі адамдардан экологиялық айыппұлдар мен төлемдер ретінде 600 млн. астам теңге алынады. Сонымен бірге, жауапкершілік шараларын қолдану тиімді болмай отыр. Бұл экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік институты теориясы әзірленуі деңгейінің жеткіліксіз болуымен түсіндіріледі.

Экологиялық құқықтың ерекшелігі мынада болып табылады: ол құқықтық реттеудің дербес объектісімен кіші салаларды біріктіретін құқықтың кешенді, ықпалдасқан саласы ретінде сипатталады. Бұл экологиялық заңнаманы реттеудің жалпы объектісінің ерекшелігімен байланысты болады [1, 145б.].

Адамды қоршаған табиғат ортасы өзінің құрамдас бөліктерін – жерді, суды, орманды, жер қойнауын, жануарлар дүниесі мен атмосфералық ауаны біріктіретін кешен болып табылады. Осыдан да экологиялық жауапкершілік шараларын реттейтін нормалар да ерекше сипатқа ие болады. Табиғат объектісі туралы әрбір кодексте жер, су, орман, тау-кен заңнамаларын бұзғаны үшін жауапкершілік көзделген. Жауапкершіліктің осы шараларын қолданатын мемлекеттік органдар да бар. Бұл арада да табиғат объектілері бойынша саралау болады.

2007 жылдың 9 қаңтарында Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің қабылдануы нәтижесінде табиғаттың жекелеген объектілер үшін жауапкершілік мәселелері бір нормативтік актіге топтастырылған. Сөйтіп, табиғаттың жеке объектісін пайдалануды қорғаудың нормалары мен ережелерін бұзу барлық табиғат кешенін бұзу деп танылады.

Экологиялық-құқықтық жауапкершілік – бұл нормалардың екі тобын және оларға тиісті құқық қатынастарын көздейтін құқық институтының кешенді салықаралық институты.

А) табиғат қорғау заңнамасы нормаларының бұзылуы жөнінде туындайтын;

Б) құқықты бұзғаны үшін санкцияларды (қылмыстық, әкімшілік, азаматтық) қолданумен байланысты одан әрі жалғасатын құқық қатынастары.

Бұл анықтама құқықтың басқа салалары жауапкершілігінің шараларын қолдана отырып, экологиялық құқық нормаларының бұзылуы ретінде экологиялық жауапкершіліктің табиғатын ашады.

Б.В.Ерофеев мынаны атап көрсетеді: заңдық және экологиялық-құқықтық жауапкершілік «болмысын» үш әр алуан, бірақ өзара байланысты мәнінде қарастырған жөн:

1) мемлекеттік мәжбүрлеу және заңмен жазылған талаптарды орындау;

2) мемлекет пен құқық бұзушы арасында туындайтын қорғау қатынастары ауқымында іске асатын, ол әрекет қолайсыз құқықтық санкцияларға ұшырауына алып келетін құқықтық қатынастың туындауы;

3) мемлекет пен оның органдарының құқық бұзушыға ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолданудың түрлерін, құралдары мен тәртібін баянды ететін заңдық нормалардың жиынтығы болып табылады [2, 75б.].

Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін заңдық жауапкершілік белгілі бір мақсаттарды орындауға бағытталған, ол мақсаттардың негізгісі мемлекет белгілеген экологиялық тәртіпті қамтамасыз ету. Бұл құқық институты мына негізгі:

1. құқық нормаларын сақтауға, экологиялық-құқықтық нұсқамалықтарды орындауға ынталандыратын;